


Қор нарықтары...

Қор индекстері	Мәні, теңге	Күндік өзгерістер	Жыл басынан өзг.
АҚШ			
S&P 500	6 467	▲ 0,32%	▲ 10,2%
NASDAQ	21 713	▲ 0,14%	▲ 12,6%
DJIА	44 922	▲ 1,04%	▲ 6,0%
CBOE Volatility Index (VIX)	14	▼ -1,63%	▼ -19,2%
Еуропа			
FTSE 100	9 165	▲ 0,19%	▲ 11,0%
DAX	2 061	▲ 0,66%	▲ 20,8%
Азия			
Hang Seng	25 614	▲ 2,58%	▲ 30,5%
Nikkei 225	43 077	▲ 0,84%	▲ 8,0%
Shanghai SE	3 683	▲ 0,48%	▲ 12,9%
Қазақстан			
KASE	6 752	▲ 0,39%	▲ 18,9%

Өсу және құлдырау көшбасшылары S&P 500



Сәрсенбі күні қор нарықтары сауда сессиясын өсіммен аяқтады: S&P 500 0,32%-ға өсіп, \$6 466,58-ге жетті; Nasdaq Composite 0,14%-ға көтеріліп, \$21 713,14 болды; DJI 1,04%-ға қымбаттап, \$44 922,27-ге жетті. Сауда барысында S&P 500-дің барлық секторлары өсім көрсетті. Өсімнің көшбасшылары Communication Services (+3,5%), Materials (+2,5%) және Consumer Discretionary (+2,3%) секторлары болды.

S&P 500 секторларын талдау	Market Cap	Күндік өзгеріс	Айлық өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Communication Services	8 754 139 056 946	3,5%	2,8%	27,1%
Consumer Discretionary	6 268 698 053 990	2,3%	6,2%	25,9%
Consumer Staples	3 410 202 656 422	0,7%	3,7%	-1,7%
Energy	1 553 368 432 388	1,2%	-0,1%	-2,7%
Financials	7 823 907 812 113	1,1%	2,2%	20,7%
Industrials	4 607 647 177 494	1,4%	2,8%	22,0%
Information Technology	18 986 916 668 681	1,1%	1,8%	24,3%
Materials	1 028 677 323 534	2,5%	-0,1%	0,9%
Real Estate	1 043 337 832 375	1,2%	-1,7%	-3,4%
Utilities	1 197 560 590 166	0,4%	6,0%	19,6%
Health Care	5 005 069 537 043	1,8%	1,8%	5,5%

Сәрсенбі күні әлемдік қор индексі қатарынан екінші күн жаңа рекордтық деңгейге көтерілді, оған Уолл-стриттегі оң көңіл-күй және инвесторлардың АҚШ ФРЖ-ның пайыздық мөлшерлемелі төмендетуі мүмкін деген күтулері ықпал етті.

Бұл оптимизмге серпін берген сәрсенбі күні жарияланған АҚШ-тағы инфляция деректері болды: шілдеде тұтыну бағаларының индексі жылдық мәнде болжамнан сәл төмен өсті. Бұл АҚШ президенті Дональд Трамптың импорттық баж салығы тұтыну бағаларына айтарлықтай әсер етіп отырмағанын көрсетті. Бұл фактор және ФРЖ-ның келесі айда мөлшерлемелі төмендетуі мүмкін деген үміттердің артуы америкалық қор индекстерінің жаңа рекордтық деңгейге көтерілуінің негізгі драйверіне айналды.

Чикаго Федералдық резерв банкінің президенті Остен Гүлсби ФРЖ тарифтердің қысқа мерзімді инфляциялық серпіліс тудыра ма, әлде ұзақ мерзімді ықпал етеді ме, соны талдап жатқанын айтты. Оның сөзінше, осының нәтижесіне қарай мөлшерлемелі төмендетудің оңтайлы уақыты анықталады.

Осы жағдайда Қаржы министрі Скотт Бессент батылырақ мәлімдеме жасады: оның пікірінше, қыркүйекте мөлшерлемелі 50 базистік тармаққа төмендету әбден мүмкін, әсіресе еңбек нарығындағы әлсіз деректерді ескере отырып. Ол сондай-ақ, егер осындай экономикалық көрсеткіштер мамыр немесе маусым айларында тіркелсе, ФРЖ бұл қадамды жазда-ақ жасауы мүмкін екенін айтты. Оның ойынша, қазіргі ақша-несие саясаты шамадан тыс қатаң, ал болашақта 150–175 б.п. көлемінде жалпы жұмсарту қажет болуы ықтимал.

Сонымен қатар, бірқатар сарапшылар шектен тыс оптимизммен сақтандырады. Commonwealth Bank of Australia экономисті және валюта стратегі Кэрол Конг қыркүйектегі ФРЖ отырысына дейін тағы бір еңбек нарығы және бір инфляция есебі жарияланатынын, олардың нарық болжамдарын едәуір өзгертуі мүмкін екенін еске салды. Сондай-ақ, ол АҚШ президентінің тарифтік саясаты әлі аяқталмағанын және енгізілген шаралардың әсері бағаларға толықтай көрініс таппағанын атап өтті.


Валюталық нарықта доллар екінші күн қатарынан әлсіреді. Мұнай бағасы да төмендеді, оған Дональд Трамп пен Владимир Путиннің алдағы кездесуін күту ықпал етті. АҚШ президенті Украина бойынша бейбіт диалогтан Мәскеу бас тартқан жағдайда «айтарлықтай салдарлар» болатынын ескертіп, украин көшбасшысы қатысатын екінші кездесуді өткізу мүмкіндігін жоққа шығармады. Егер жұмаға жоспарланған Аляскадағы келіссөздер нәтижесіз аяқталса, Вашингтон Ресейге жаңа экономикалық санкциялар енгізуге дайын.

KASE акциялары	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
Халық Банк	363	4%	32,7%
Банк ЦентрКредит	4 255	0%	85,6%
Kcell	3 369	-1%	-0,3%
Казатомпром	23 605	0%	15,4%
КазТрансОйл	806	0%	-2,1%
KEGOK	1 445	0%	-5,0%
Kaspi.kz	52 000	1%	-5,2%
КазМунайГаз	20 200	0%	38,1%
Эйр Астана	768	-1%	-32,8%

Валюта	Мәні, теңге	Күндік өзгеріс	Жылдық өзгеріс
USD/KZT	537,92	-0,55%	2,5%
RUB/KZT	6,40	0,00%	31,5%
CNY/RUB	10,87	1,96%	-22,4%
EUR/USD	1,1704	0,27%	14,0%

* Өзгеріс базистік пункттермен көрсетілген, 1 б.п. = 0,01%

Дереккөз: Refinitiv Eikon



Дереккөз: Refinitiv Eikon

Біздің Centras Securities Telegram-арнамызға жазылыңыз немесе сілтеме арқылы өтіңіз <https://t.me/centrassecurities>
 Біздің сайт: <https://cesec.kz/>

Байланыс



Аналитика департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 722)

Эл.адрес:
analytics@centras.kz

Брокерлік қызмет көрсету

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 608)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Сауда операциялары департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 730)

Эл.адрес:
trade@centras.kz

Сату департаменті

Байланыс:
+7 (727) 259 88 77 (вн. 754)

Эл.адрес:
broker@centras.kz

Осы материалды АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің аналитика бөлімі дайындаған. Бұл жарияланған материал тек ақпараттық сипатқа ие және АҚ "Сентрас Секьюритиз" тарапынан қандай да бір қаржы құралдарын сатып алу, сату немесе қандай да бір мәмілеге қатысу туралы ұсыныс болып табылмайды. Бұл құжатта келтірілген ақпарат Bloomberg және KASE сияқты "Сентрас Секьюритиз" -тің сенімді деп санайтын дереккөздерден алынған. Алайда, АҚ "Сентрас Секьюритиз", оның басшылығы мен қызметкерлері мұндай ақпараттың дәлдігіне, толықтығына және шынайылығына толық кепілдік бермейді және оны пайдалануға байланысты туындауы мүмкін клиент шығындары үшін жауапты емес. Бұл құжатта келтірілген бағалаулар мен пікірлер Компания аналитиктерінің жеке қорытындыларына негізделген. Аналитиктердің сыйақысы олардың дайындаған аналитикалық шолуларының мазмұнына немесе берген ұсыныстарының сипатына байланысты емес. Бұл ақпарат көпшілікке таратуға арналмаған және АҚ "Сентрас Секьюритиз" -тің алдын ала жазабаша рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара көшіруге, таратуға немесе жариялауға болмайды.

Сентрас Секьюритиз, 2025 ж.